

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік  
университетінің ғылыми журналы  
Научный журнал Павлодарского государственного  
университета имени С. Торайгырова

---

*1997 ж. қурылған  
Основан в 1997 г.*



İ Ì Ó  
Õ À Á À Ð Ø Û Ñ Û

Â Ã Ñ Ò Í È Ê Ĭ Ñ Ó

ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

**1** 2014

---

---

---

Научный журнал Павлодарского государственного университета  
имени С. Торайгырова

### СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации  
№ 14210-Ж

выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия  
Республики Казахстан  
4 марта 2014 года

Сарбалаев Ж. Т., к.ф.н., профессор (главный редактор)  
Шаймарданова С. К., к.ф.н., доцент (зам. гл. редактора)  
Демесинова Г. Х., к.ф.н., доцент (отв. секретарь)

### Редакционная коллегия:

Брицын В. М., д.ф.н., профессор (Украина);  
Дементьев В. В., д.ф.н., профессор (Россия);  
Еспенбетов А. С., д.ф.н., профессор;  
Жусип К. П., д.ф.н., профессор;  
Жусупов Н. К., д.ф.н., профессор;  
Казимирова И. А., ст. науч. сотр. Института украинского языка  
НАН Украина;  
Маслова В. А., д.ф.н., профессор (Белоруссия);  
Пименова М. В., д.ф.н., профессор (Россия);  
Ыскак Д., д.ф.н., профессор;  
Хасанулы Б., д.ф.н., профессор;  
Нургожина Б. В. (тех. редактор).

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.  
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.  
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.  
Рукописи и дискеты не возвращаются.  
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна.

### МАЗМҰНЫ

|                                                                                                                                                                              |     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Абышева А. Б., Жақтай А. М., Жүсіпов Н. Қ.</b><br>Қазақ аңыз ертегілері және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы .....                                                                  | 12  |
| <b>Әбілов А.</b><br>С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы және ырғақ .....                                                                                                    | 18  |
| <b>Әбілов А., Айтбаева А.</b><br>Қазіргі арал-сыр өңірі айтысындағы көркемдік ізденістер .....                                                                               | 22  |
| <b>Әлкебаева Д. А.</b><br>Қазақ тіл ғылымында функциональды грамматиканың зерттелуі.....                                                                                     | 29  |
| <b>А. Т. Бакеева</b><br>Креолизденген мәтін түрі ретіндегі жарнама мәтінінде графикалық<br>тәсілдердің қолданылуы туралы .....                                               | 35  |
| <b>Бакеева А. Т.</b><br>Интернет-жарнама креолизденген мәтін типі ретінде.....                                                                                               | 41  |
| <b>Баратова М. Н., Абушахманова Қ. Е.</b><br>Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіп өлеңдеріндегі «нұр», «күн», «түн», «таң»,<br>«жарық», «нәпсі» сөздерінің қолданылу ерекшеліктері ..... | 46  |
| <b>Бәлкен Т. Қ.</b><br>Дүниенің тілдік бейнесіндегі коннотативті мәнді зоонимдер .....                                                                                       | 53  |
| <b>Досанова А. Ж., Кадирова Ф. М.</b><br>Коммуникация ұғымы және коммуникативтік тактиканың зерттелуі.....                                                                   | 57  |
| <b>Дүйсенова М. М.</b><br>Сөз тіркесінің тіл мәдениетін дамытудағы рөлі .....                                                                                                | 62  |
| <b>Жакупова А. Д., Газдиева Б. А., Сағындыкова Ж. О., Фаткиева Г. Т.</b><br>Польшадағы қазақ диаспорасының тілдік ерекшелігі туралы сипаттаған....                           | 67  |
| <b>Жапарова А. Ж.</b><br>Ағылшын тіліндегі цифрлік идиомалар .....                                                                                                           | 77  |
| <b>Жүндібаева А.</b><br>Шәкәрімнің көңіл-күй лирикасы .....                                                                                                                  | 83  |
| <b>Жүсіп Қ. П., Жумабекова А. С.</b><br>Балалар әңгімелерінде кейіпкер бейнесін сомдаудағы<br>суреткерлік шеберлік .....                                                     | 90  |
| <b>Жүсіп Қ. П., Еңсебаева А. Қ.</b><br>Көркем портрет және Мұхтар Әуезов .....                                                                                               | 97  |
| <b>Зейнулина А. Ф.</b><br>Уәйіс Шондыбайұлының әдеби-шығармашылық мұрасы.....                                                                                                | 105 |
| <b>Зейнулина А. Ф.</b><br>Қазақ повесінің көркемдік кеңістігі .....                                                                                                          | 116 |
| <b>Зейнулина А. Ф., Ибраева Ә. Т.</b><br>Абай - көркем аударма негізін салушы .....                                                                                          | 124 |

**Зейнулина А. Ф., Смольникова Е. И.**

Г. Флобер мен Ф. Достоевский шығармашылығындағы мәдени-тарихи ұғымындағы әлем мен адам тұжырымдамасы.....131

**Кәріпжанова А. О., Сарбалаев Ж. Т.**

Фразеологизмдердің когнитивтік талданымы .....138

**Кәріпжанова А. О., Вафеев Р. А.**

Фразеологиялық синонимдердің көркем шығармадағы сипаты.....144

**Қанабекова М.Қ.**

Тілдік тұлға теориясының қалыптасуындағы жаңа үрдіс.....148

**Қапасова Б. Қ.**

20 ғасыр басындағы әдебиеті: жастар бейнесіндегі ерекшеліктер.....153

**Қадырова Б. М., Төлебаева Қ. Т.**

Д.Исабеков әңгімелеріндегі комика тудыру тәсілдері.....160

**Коровайко И. В., Степаненко А. А.**

Лингвистикалық электронды сөздіктердің құрылымы және қолдану ерекшеліктері. (Ағылшын – ағылшын идиома, қазақ – латын, латын – қазақ электронды сөздіктер) .....166

**Насырова Ә. Б.**

Қазақ тіліндегі медициналық терминдер.....170

**Оразбек М., Баратова М. Н.**

Қазақ әдебиетіндегі жоспарлы тақырып және жасанды образ.....177

**Оразбек М., Жүсіпов Н. Қ.**

Кейіпкер табиғатындағы аполлондық-дионистік концепция.....185

**Сарбалаев Ж. Т.**

Ақын Ә. Тәжібаевтың поэзиясындағы сөз қолданыстары .....194

**Сарбалаев Ж. Т.**

Сын есімдердің дамуындағы адъективация .....200

**Сарбалаев Ж. Т., Сарбалаев Е. Ж.**

Өмір және поэзия (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жырларындағы қоғамдық-әлеуметтік өмір шындығы) .....208

**Смольникова Е. И.**

Г. Флобер мен Ф. Достоевскийдің эстетикасындағы әлем мен адамның жаңа суреті .....217

**Сыздықбаев Н. А.**

Неомиф XX ғ. екінші жартысы прозасының белгісі ретінде.....224

**Темирбулатова А. Н.**

Веб-2 қосымшаның психоллингвистік контекст ретінде пайдалануы .....228

**Төлебаева Қ. Т., Қадырова Б. М.**

Қ. Алтынбаев поэмаларындағы тарихилық .....234

**Шаймарданова С. Қ.**

М. Әуезов «Абай жолы» романындағы әйел бейнелері сипаттамалары ...242

**Шаяхметова М. Х., Абдразахова Ш. Қ.**

Сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің табиғаты мен дамуы .....249

**Шаяхметова М. Х., Аканова А. И.**

Синонимдердің лексика-грамматикалық түрлері .....254

**Ысқақ Б. Ә.**

Мұхтар Мағауин әңгімесіндегі әдеби тәсіл .....259

Біздің авторлар .....265

Авторлар үшін ереже .....268

3 Аймауытов, Ж. Шығармалары, 1991. - 418 б.

4 Әуезов, М. Қорғансыздың күні «Атамұра» 2004. - 378 б.

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 18.04.14 редакцияға түсті.

В. К. Карасова

#### Литература начала 20-века: особенности образа молодежи

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 18.04.14.

В. Karasova

#### The narratives in the beginning of the 20th century: the features of the youth image

Pavlodar state university named after S. Toraigyrov, Pavlodar.  
Material received on 18.04.14.

*В статье рассматриваются рассказы казахской литературы начала 20 века. Автор акцентирует в рассказах национальную идею и отношения героя с обществом.*

*The article is devoted to the narratives of Kazakh literature in the beginning of the 20th century. The author emphasizes the national idea and the main characters' relations with society.*

ӨОЖ 81.39 (574)

**Б. М. Қадырова\*, Қ. Т. Төлебаева\*\***

#### Д. ИСАБЕКОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ КОМИКА ТУДЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Мақалада Д. Исабеков әңгімелеріндегі комика тудыру тәсілдері қарастырылады.

Д. Исабековті тұтастай сатирик демесек те, жазғандарын езу тартпай оқу қиын. Жазушы шығармаларында сатираны да, юморды да жиі қолданады. Жазушының «Есеп шот, түйетауық және дамино», «Ақырмаштан наурызға

дейін», «Конфронтация», «Ай-Петри ақиқаты», «Талақан –186», «Ескерткіш» әңгімелерін шынымен де езу тартпай оқи алмайсың. Жылы юморға толы бұл әңгімелерде ауыл өмірінің тыныс-тіршілігі, замандастарымыздың іс-әрекет, мінез-қылықтары, түрлі келенсіздіктер күлкі етіледі. Жазушы әңгімелеріндегі, жалпы, бүкіл шығармаларындағы айтуға жеңіл көрінгенмен, түсінген адамға ауыр тиетін әзілдері, тапқыр сөздері ерекше бағалы.

Комика тудырудың тілдік табиғаты туралы бірталай зерттеу еңбектер жазылды. Зерттеуші А.Салихованың еңбегінде комика тудырудың лексика-семантикалық жүйесі және құрылымдық - стилистикалық жүйесі екіге бөлініп қарастырылады. Комика тудырудың лексика-семантикалық жүйесі ретінде эмоционалды-экспрессивті лексика, орын алмастыру (аногамма), сөздегі дыбыстардың созылыққы айтылуы, одағай сөздер, еліктеуіш сөздер, қарапайым сөздер, сөз тіркесімділігінің лексика-семантикалық заңдылығынан уәжді ауытқуы, сөзойнатым (каламбур), орыс тілі элементтері қарастырылса, құрылымдық-стилистикалық жүйе ретінде тілдегі бейнелік құралдарының көрінісі, сөз тіркесімділігінің лексика-стилистикалық заңдылығынан уәжді ауытқуы мен фразеологиялық жүйедегі комизм мәнінің көрінісі қарастырылады. Д.Исабеков әңгімелеріне зер салғанымызда, комизмнің түрлі тәсілдер арқылы жасалғанын байқадық. Ол күнделікті тілдік қатынаста жиі қолданылатын сөздерді тура мағынасында жұмсау арқылы да комика тудырады:

*Шағын сахнадағы қызыл матамен жабылған ұзын стол, стол үстіндегі өмірі болмайтын су тола графин, қағаз-қаламдар мен электр шамының әдеттен тыс көз қаратпас жарығы бәрі-бәрі де бүгінгі жолдастық соттың аса күрделі мәселені қарайтынын, оның барынша әділ, барынша қатал өтетінін айғақтап, клуб ішіне үрейлі тыныштық сеуіп тұр (Д.И.371).*

Мұндағы күлкі бірден көзге ұрып көрінбесе де, астарынан аңғаруға болады. *Қызыл матамен жабылған стол, стол үстіндегі өмірі болмайтын су тола графин, электр шамының әдеттен тыс көз қаратпас жарығы* арқылы ауыл белсенділерінің бір күндік жасанды әрекеттерін әжуалап өткен. Осы жолдастық соттың мүшелеріне берген мінездемесі еріксіз езуіңе күлкі ұялатады:

*Меңгеруші Құрал Отынишев - 1972-жылдан бөлімше меңгерушісі. Осы бөлімшеде туып-өскен. Сарыағаштағы Қапланбек зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын іштей екі жыл оқып, алдыңғы жылы сырттай бітірді. Қабілетті ұйымдастырушы. Құлығы жоқ, ақ көңіл адал азамат. Былтырғы қуаңшылық жылы ауданнан келген уәкілдің: «Қуаңшылыққа қандай шара қолданып жатырсың?»- деген сұрағына сасып қалып: «Екі рет тасаттық бердік», - деген. 1968 жылдан КПСС мүшесі (Д.И.372).*

Жолдастық сот мүшелеріне осылайша бірнеше мінездемелер берген. Сол мінездемелерде бастапқыдағы жасырын күлкі біртіндеп ашыла бастайды.

Меңгерушінің алғашында іштей оқып, сырттай аяқтауы, КПСС мүшесі бола тұра қуаңшылыққа қарсы тасаттық беруі т.б. Кенес өкіметі жылдарында партия мүшесінің түрлі наным-сенімге бой алдыруы сияқты әрекеттері қоғамға жат қылық болатын. Колхоздың ежелгі мүшесі Әліқұл Тазабековке берген мінездемесінде:

«Орыс жазушыларын қатты құрметтейді. Бір баласының атын Мамин, екінші баласының атын Сибирияқ қойған» - дейді. Мұның астарында да зілсіз күлкі бар. Осы күлкіні «Банапарттың үйленуі» әңгімесінде жалғастыра түседі:

Балаға ат қоюға келгенде қазақтан өткен «нахал» ешкім жоқ. Олар дүниежүзілік есімдердің қожасындай оның төбесіне шығып отырып алады да, «мынау ананыкі екен, мынау мынаныкі екен» деп бас қатырып жатпай, қайсысы аузына түссе сонысын жапсыра салады. Ол есім қазақ топырағына үйлесе ме, үйлеспей ме, үйлесе қалған күнде дәл соның баласына келісе ме, келіспей ме – онымен ісі де болмайды (Д.И.477.) – деп, күлкі тудыра баласына жөнсіз ат қоятындарды сынға ала кетеді. Әңгіме кейіпкерлері Банапарт, Вьетнамбек, Оскар, Испанәлі болып келеді. «Д. Исабековтің қай кейіпкерін алсаң да, қазақ характері шынайы сипатталған, оларды кез-келген туыстас елдер жазушыларының, тіпті Хемингуей, Лондон шығармаларына сапырып-сапырып салып жіберсең де, ұлттың мүддесі, ұлттың бет-пердесімен «мен мұнда лап» тұрады. Д. Исабековтің мұндай жазушылық қасиеті өз кейіпкерлеріне қазақы қалжыңды, қазақы юморды шебер дарыта білуінде. Жасандылық жоқ, қалжың оқырманның езуіне күлкі үйірілтеді» [1]. «Жазушының авторлық баяндауы қарапайым тұрмыстық детальді сәтті пайдалана біледі. Оқушыны оқтын-оқтын езу тартқызып отыратын әдемі юмор ойлана, толғана білген оқырманға авторлық ұтымды әжуасын аңғартады. Яғни, қоғамдағы келеңсіздіктерді, адам бойындағы бойкүйездікі сипай қамшылап, мақтамен бауыздай отырып, сөйте отыра кейіпкерлерін іштей, езіле жақсы көре отырса да әжуа етуі, сөйтіп өмірден ойып алынған шыншыл суреттерді бейнелеу – Д.Исабеков шығармаларына тән қасиеттер» [2;28] - деп зерттеушілер жазушының шыншыл өмірді бейнелеудегі шеберлігін баса айтады.

Жалған этимологиялы сөздердің кейіпкердің жаңсақ түсінігіне байланысты қолданылатын реттері бар. Жазушының «Банапарттың үйленуі» әңгімесінде:

- Бүкіл әмрика мен ағылшын елін алып қараңдаршы, Конрад деген фамилиядан аяқ алып жүре алмайсың.

- Конрад?

- Иә, Конрад! Ол кәдімгі сіз бен біздің руымыз!

- Қоңырат па?

- Енді қалай? Қоңырат! Қияндағы бір елдер бізді сыйлап, руымызды фамилия қылып алып жатқанда біздің томаға тұйық жатқанымыз ұят емес пе? (479).

Кейіпкердің бөгде тілдік сөзді өз ана тіліндегі дыбысталуы соған ұқсас сөздің мағынасында түсіндіруі күлкі тудырған. Д.Исабеков көркемдеп-бейнелегіш құралдар арқылы комика тудырудың шебері:

Жылында өтететін бір жиналысқа клубтың жартасы да толмай, бөлімшенің белсенділері үйді-үйге кіріп, адамдарды **тележкамен теріп әкелетін**. Бұл жолы қара құрым боп кетті. Ішке сыймай қалған **сорайған мойын мен қолағаштай мұрын, адыраңдаған көз** бен қалқиған құлақтар есік-терезеден анталап тұр. Кемпір байдың жолдастық сотқа түсуі төртінші бөлімше үшін Нюрнберг процесінен бір де бір кем болған жоқ (Д.И.371). Куәгер ретінде Орысбай мен Мүсір кіріп келгенде Кемпірбайдың аузы аңқиып, көзі шекесіне шығып кетті (Д.И.373). **Кедеймін дегенде кеңірдегі кеуіп, үйіне барғанда «қара шыбын қағып жеп» отыратын** ағайынды Омбай, Домбайлар да ең алғашқылардың бірі болып түрлі-түсті телевизор алды (Д.И.396). Дау қызып, **екі кеңірдек екі кетпеннің сабындай** болады. Сәлден сиыр жайына қалып, жанжал жеке басқа ауысады (Д.И.364).

Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, Д.Исабеков бейнелегіш құралдар: эпитет, синекдоха, теңеу, әсірелеу арқылы комика тудыруған. Жазушы бейнелегіш құралдарды юморлық мақсатқа сай қолдана біледі. Әсіресе теңеу арқылы күлкінің небір түрлерін жасайды:

Есіркептің көзі **ит көрген ешкідей едірейін**, өкпесі ауа сормай қалды (Д.И.403). Ол сол орнында аз-кем аялдады да, артындағы **семіз түйенің ізіндей** шаңын алақанымен бір-екі қағып, үндемеген бойы қақпадан шығып кетті (Д.И.395). Мұғалім көйлегінің түймесін ағытып, **жағаға шығып қалған балықтай** аузын ашып екі-үш рет қарбытып аптап жұтты (Д.И.448). Жанайдаров **жылан сорып жатқан құрбақадай** табан асты шала-жансар күге көшті (Д.И.457).

**Ит көрген ешкідей, семіз түйенің ізіндей, жағаға шығып қалған балықтай, жылан сорып жатқан құрбақадай** деген Д.Исабеков қаламынан шыққан авторлық теңеулер кейіпкердің түрлі психологиялық күйдегі кескінін көрсетеді. Жазушы болмашы себеппен ашуланатын, бірақ қолынан түк келмейтін адамдарды әрдайым күлкіге нысан етіп отырады. Қаламгер комизм тудыруда көркемдеп-бейнелегіш құралдардың ішінде теңеуді өнімді қолданады. Күлкі тудыратын авторлық теңеулердің барлығы –дай, -дей жұрнағының көмегімен жасалып, кейіпкер портретін берудегі ұтымды тәсіл ретінде қолданылады.

**Жүнін жұлған құстың денесіндей, бүршік-бүршік бетіне үсіген картондай** емін-еркін мұрын жайғасыпты. О баста оны **әлдекім лақтырып жібере салғандай**, бір жағына қисап жабысқан екен. Бір көрген адам оны әні-міне құлап кетеді екен деп минут сайын күткендей еді (Д.И.300). Үйге Ботбай кіріп келді. **Ұстындай ұзын, тұтқыштай қара, апиыншыдай арық**, үстінен солярка мен сүрлем иісі аңқыған баяғы жылқы тіс Ботбай (Д.И. 392). **Кабинетке көздері шөлдің құдығындай шүңірейген**,

сақалдарының ар жағында не нәрсе жатқаны белгісіз, бірі шашын өріп тастаған, екіншісінің шашы иығын жапқан екі жігіт кіріп келгенде Жанайдаров селк ете қалды (Д.И. 458).

Күлкіні кейіпкер портретін беруде өнімді қолданады. Жүнін жұлған құстың денесіндей (беті), үсіген картоптай (мұрын), әлдекім лақтырып жібере салғандай (қисын біткен мұрын), апиншыдай (арық дене), шөлдің құдығындай шүңірейген (көз), теректен тескендей сидиған (аяқ-қолдары), қисық ағаштан жонғандай (үлкен мұрын), сырықтай (бой), ащы ішектей шулатылған (аяқ), - деген теңеулер соның дәлелі. Теңеулер арқылы кейіпкер портретін берумен бірге образын да ашады. Өйткені кейіпкердің күлкілі портреті оның мінез-құлқының кейбір жақтарын да аңғарта кетеді. Кейіпкер портретінде күлкі тудырып тұрған белгілер бірден оқырман назарын аудартады.

Қаламгер тосын сөз қолданысы арқылы да комика тудырады:

- Жаз! – деді Кемпірбай кенет баласының қиялын посылка жәшігінің ішінен суырып ап. Жаз! Аман-есен жүрсің бе, иттің күшігі! Жазсаңшы, нағып байқырайып қалдың! Аузымнан не шығады, бәренжаз. Иә, болдың ба? Болсаң... иммм... - Посылка жаққа қарап, соның ішінен газетке ораулы сөз алып жатқандай біраз кібіртіктеп қалды. Жәшіктен көзін тайдырып, үйдің төбесіне қараған кезде аузынан ойламан жерден: «**Не салды екен**», - деген сөз шығып кетті. «**А, не дедім?**»- деді ол немересінің алдында тағы да ыңғайсыз жайға түскенін бұл жолы амалсыз мойындап, - жазып қойғансың ба? (Д.И.370).

Немересіне хат жазғызып отырған Кемпірбайдың ойламаған жерден «**Не салды екен**» деп ішкі ойын сыртқа шығаруы мен «**А, не дедім?**» деп сасқалақтап, немересінің алдында ыңғайсыз жайға түскені күлкілі берілген. Сонымен қатар жазушыда шебер қиюластырылған диалогтар арқылы да комика жасалады. Д. Исабеков «Есеп шот, түйетауық және домино» әңгімесінде диалог арқылы юморды өте шебер берген.

- Тағы жапты!- деді Ботбай жағдайды байқаған соң терісіне сыймай, -Әтеңе нәлет!

- Боқтамаңыз, - деді Сопытай екінші рет ескерту жасап. Оның жайбырақат қалпы Ботбайдың жынын қоздыра түсті.

- Шошқаның ғана доминосы!

- Тағы айтам, арга тилеңіз, - деді Сопытай ұстамдылық сақтап.

- Сенің арыңа тиген ешкім жоқ!

- Жаңа не айттыңыз?

- Боқтасам шошқаны боқтадым.

- Шошқа да құдайдың мақұлығы, - деді Сопытай салмақты үнмен. – Ол да өзіміз сияқты жануар.

Ботбай орнынан атып тұрды.

- Немене, немене? Шошқа өзіміз сияқты жануар?

- Әлбетке.

- Демек, мен де шошқа сияқты мақлұқпын ба?

Кім білсін, -деді Сопытай иығын қозғап. -Әйтеуір, бәріміздің бір мақұлық екеніміз аян. Бірақ бірімізді шошқа деп, екіншімізді адам деп атап кетеміз. Бар айырмашылық сонда ғана (Д.И.389).

Кейіпкерлердің ауызекі сөзінен олардың сөз қолдану машықтары, мінез-құлқы мен ішкі ой өрістері, дүние танымдары, өзіндік болмысы көрінеді. Осы арқылы әңгіменің күлкілі поэтикасын аңғаруға болады.

Қаламгер әңгімелерінде күлкі тудыру тәсілдері арқылы адам мінезіндегі жалқаулық, бойкүйездік, жемқорлық сияқты кейбір кемшіліктерді көрсетеді. Күлкіні кейіпкердің кескін-кейпіндегі ұсқынсыздықты баяндауда да қолданады. Сонымен қатар мінез-құлық, жүріс-тұрыс, іс-әрекет ерсілігін және кейбір үйлесімсіздікті көрсетуде де күлкіге иек артады. Өмірде күлкі негіздері, оның туу себептері көп. Күлкі іс-әрекетте де, сөзде де, түр-түсте де, мінезде де көрініс таба береді. Д.Исабеков соларды түрлі тілдік тәсілдерге жүгіне отырып бейнелі жеткізеді. Күлкі барлық қаламгерде болғанымен, берілу жолдары бәрінде бірдей емес. Айталық, көркемдеп-бейнелегіш құралдардың ішінде эпитет, синекдоха, әсерлеуді, орыс сөздерін бұзып және тосын сөз қолданысы мен диалогты шебер қиюластырып комика тудырудағы Д.Исабеков ерекшелігі айқын көрінеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Мұсабаев, А.** Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы (1960-1990) жылдар. Филол.ғыл. док.дисс.: Алматы, 1999. – 281 б.

2 **Балтабева, Г.** Қазіргі қазақ әңгімесі. Филол. ғыл.канд.дисс.: - Алматы, 1999. - 153 б.

\*С.Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.;

\*\*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Материал 12.03.14 редакцияға түсті.

Б. М. Кадырова\*, К. Т. Толебаева\*\*

**Комические приемы в рассказах Д.Исабекова**

\*Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар.

\*\*Казахский инновационный гуманитарно-юридический университет, г. Семей.

Материал поступил в редакцию 12.03.14.

B. M. Kadyrova\*, K. T. Tolebayeva\*\*

### Comic methods in the D. Issabekov's stories

\*Pavlodar state university named after S.Toraighyrov, Pavlodar;

\*\*Kazakh Innovation University of humanity and law, Semei.

Material received on 12.03.14.

*В статье рассматриваются комические приемы в рассказах Д.Исабекова.*

*The article considers comic methods in the D. Issabekov's stories.*

UDC 004.512

I. Korovayko, A. Stepanenko

### THE SKETCH OF DEVELOPMENT AND USAGE OF LINGUISTIC DICTIONARIES (ON THE MATERIAL OF TWO ENGLISH-ENGLISH PHRASEOLOGICAL AND KAZAKH-LATIN AND LATIN-KAZAKH DICTIONARIES)

*In this article the authors describe the results of development and usage of electronic dictionaries in educational process.*

Nowadays, information technologies occupy a significant place not only among people who are professionally involved in computing technology, but also in a variety of professions, including linguists, translators and interpreters, and professionals who need a mobile translation of foreign information. Therefore electronic linguistic dictionary is modern relevant and mobile tool for optimizing the translation of a foreign language. Also, in today's market there are electronic "translators" who can translate the texts.

Research on the topic of this question is due to the need to establish an objective lexicographical dictionaries that can significantly alleviate, if not all, but at least part of the translation process, and it is such an important component as dictionary lookup.

This article is directly connected with the creation of two dictionaries which are English-English phrase logical and Kazakh-Latin and Latin-Kazakh dictionaries. The first dictionary has its own application as the following:

Electronic Dictionary of English Idioms is a collection of imaginative phraseology matches of English words and phrases designed to ensure translations

on subjects of "English" and "English Literature", etc. for pupils, students and students who are making their master degree such majors like: "Foreign language: two foreign languages", "Translation Studies", "Philology", and "Foreign philology". The C program is executed on an object-oriented programming language Delphi 7 and includes function keys for search, edit and add entries to the dictionary that allows you to maintain your base and vocabulary to date. The dictionary is designed for a wide range of people who are learning English.

The application of electronic dictionaries school with in-depth study of the English language faculties of universities and colleges which study the discipline of English. Also, dictionary can be used for the work that is associated with the study of English phraseological expressions and conduct research on the topic.

Electronic Dictionary of English (ESI) idioms will be used in finding and understanding the definitions of phraseological expressions for all the people who speak English.

ESI is mobile enough to be effective and practical means to search for definitions of phraseological units that implements editing, deleting, and adding lexical items in a nitrated database MS Access, which makes the opportunity to upload dictionaries available to those users who have a reasonable knowledge of the use of a standard package of MSOffice.

For correct operation of the program you want to copy it to your computer or any directory flushes (The program cannot work properly on CD / DVD drives).

After starting the program the user is the main window (Figure 1).




Figure 1 - The main window of the program

The program will automatically search after entering a search phrase in the line "Search" (search) in the database and displays the definition in the database (Figure 2):